

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Цифрлық елге айналу мақсат еткен ел үшін бұл – стратегиялық жоспарды орындауға деген нақты қадам. Қазір жастар оқуда не жұмыста жасанды интеллектің көмегіне көп жүгінеді. Себебі сұрағаныңның бәрін әп сәтте тауып береді. Дегенмен бұл жаңалықтың көлеңкелі тұсында ұмытпаған абзал. Оқушылар да, студенттер де, кейбір қызметкерлер де ЖИ-дің жазғанын көшіріп алуға әдеттенді. Бұның соңы жақсылыққа апармайды.

Былтыр әлем бойынша ЖИ саласына жұмсалған инвестиция көлемі шамамен 1,5 триллион АҚШ долларына жетсе, биыл 2 триллионнан асады деген болжам бар. Бұл қадамдар нарықтың кенеюіне, озық бағдарламалар мен платформаларды автоматтандыруға, өндірістік әлеуетті оңтайландыруға, ірі технологиялық компанияларға инвестиция тартуға айтарлықтай жәрдемдеседі. Экономистердің есептеуі бойынша 2030 жылға қарай жасанды интеллект әлемдік экономикаға 15,7 трлн. доллардан астам қосымша табыс әкелмек.

– ЖИ-дің нақты пайдалы жақтарын атап өтер болсақ, біріншіден, уақытты үнемдеу және өнімділік. Күнделікті қайталанатын тапсырмаларды автоматтандырып адамдардың жұмысын жеңілдетеді. Екіншіден, дәлдік және талдау. Мәліметтерді талдау арқылы қателерді азайтып, дұрыс шешімдер қабылдауға көмектеседі. Үшіншіден, медицина мен ғылымдағы үлесі айтарлықтай. Ауруларды ерте анықтау, дәрі-дәрмек ойлап табу және күрделі зерттеулер жүргізуде қолданылады. Төртіншіден, білім берудегі жеке тәсіл. Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай оқу материалдарын бейімдеп, күрделі тақырыптарды түсінуді жеңілдетеді. Бесіншіден, тәулік бойы жұмыс істейді. ЖИ шаршамайды, сондықтан клиенттерге қызмет көрсету немесе өндіріс үдерістерінде тәулік бойы жұмыс істей алады, – дейді ІТ саласының маманы Жақсылық Тұрғын.

Қазіргі уақытта жасанды интеллект технологиялары білім беру саласына да кеңінен еніп, оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Инженерия және сандық технологиялар факультетінің деканы Қайнижамал



ЖИ АДАМДЫ АЛМАСТЫРМАЙДЫ, ТОЛЫҚТЫРАДЫ

Ықыласованың айтуынша, оқытушылар жасанды интеллекті сабаққа дайындау, оқу траекторияларын дербестендіру, тапсырмалар мен емтихан материалдарын әзірлеу, кері байланыс дайындау және қолбайлау болатын жұмысты азайту үшін қолдана алады.

– UNESCO қазіргі педагог үшін жасанды интеллекті этикалық тұрғыда түсінуді, оны тиімді пайдалану, шектеулерін ескеру және білім беру үдерісінде адамның ролін сақтау маңызды екенін атап өтті. Іс жүзінде бұл оқытушы ЖИ-ді қолдану ережелерін нақты айқындап, тапсырмаларға сыни ойлау мен авторлық көзқарасты енгізіп, алгоритмдердің қателіктерін талқылауы және үнемделген уақытты студенттермен терең жұмысқа бағыттауы тиіс дегенді білдіреді. Яғни машина қолбайлау болатын кедергілерді жеңілдеткен жағдайда оқытушы білім мазмұнын тереңдетуге көңіл бөлуі қажет, – дейді Қайнижамал

Ықыласова.

Ал студенттер үшін жасанды интеллект күнделікті қолданылатын оқу құралына айналды. Олар «ChatGPT», «Microsoft Copilot» және «Google Gemini» сияқты сервистерді тек оқу үшін ғана емес, сонымен қатар күнделікті істерін ұйымдастыру үшін де пайдаланады. Академиялық ортада жасанды интеллект көбіне ақпаратты іздеу және құрылымдау, мәтіндердің алғашқы нұсқасын дайындау, конспект жасау, материалды қайталау, таныстырылым дайындау, тілдік қолдау көрсету және күрделі ұғымдарды нақтылау үшін қолданылады.

Дегенмен студенттер жасанды интеллект қателеспейтін ақиқат көзі емес екенін түсінуді керек. Оның жауаптарын міндетті түрде тексерген жөн. Қазіргі уақытта студенттерге сұраныстарды дұрыс құрастыруды, алынған нәтижелерді тексеруді және жалған ақпараттан сақтануды үйрету маңызды.

– ЖИ студенттердің ойлау қабілетін дамытуға көмектесетіні, не болмаса әлсірететіні жайлы біржақты жауап беру мүмкін емес. Жасанды интеллект ойлауды дамытуы да мүмкін, әлсіретуі де мүмкін. Бұл оны қолдану моделіне байланысты. Педагогикалық тұрғыдан дұрыс қолданылған жағдайда мұндай құралдар сыни ойлауды, шығармашылықты дамытуға көмектеседі. Бірақ жасанды интеллект дайын мәтіннің механикалық жеткізушісі ретінде қолданылса, кері әсері пайда болады. Сондықтан қазіргі мәселе жасанды интеллект «пайдалы ма» немесе «зиянды ма» дегенде емес. Негізгі сұрақ – үдерісті кім басқарады: адам ба, әлде алгоритм бе? Егер адам автор, сыншы және интерпретатор ролін сақтаса, жасанды интеллект ойлауды күшейте ала-

там адам жұмыссыз қалуы мүмкін деген ақпарат тарайды. Елде шамамен 423 кәсіби топ талданып, оның 25 пайызға жуығы, яғни 2,2-2,5 млн. жұмыс орны жоғары немесе орташа дәрежеде автоматтандыру қаупі бар екені анықталған. Оның ішінде 1 миллионнан астам жұмыс орны генеративтік ЖИ арқылы толықтай алмастырылуы ықтимал. Ең жоғары тәуекелде тұрғандар қатарында қаржы, ақпараттық технологиялар, ғылым, денсаулық сақтау, креативтік және қызмет көрсету салалары бар. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі 2029 жылға дейін 1 миллион азаматты ЖИ-мен жұмыс істей алатындай қайта оқыту жоспарланып жатқанын мәлімдеді.

– Жасанды интеллекті енгізу адамды еңбек саласынан ығыстыру арқылы жүргізілмеуі тиіс. Мемлекет пен жұмыс берушілердің оны еңбек тиімділігін арттыруға, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және лайықты жұмыспен қамтуды қолдауға арналған құралға айналуын қамтамасыз ететін реттеу тетіктерін қалыптастыруы маңызды. Негізгі басымдық – жұмыспен қамтуды сақтау кепілдіктері, қызметкерлерді қайта даярлау бағдарламалары және оларды жаңа цифрлық жағдайларға бейімдеу. Дәл осы ұстанымды кәсіподақтар дәйекті түрде қолдап келеді, – дейді облыстық кәсіподақ орталығы төрағасының орынбасары Жанат Жұмабек.

Осылайша, технология адам еңбегін алмастырушы емес, оны толықтырушы құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Адам мен технологияның үйлесімді әрекеті ғана жоғары нәтижеге жеткізіп, қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Бүгінгі ең басты кемшілік – адамның ЖИ-ге толық сенім артуы. Мұндай шектен тыс сенім сыни ойлаудың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе білім беру, ғылым және кәсіби қызмет салаларында қауіпті. Сондықтан жасанды интеллектті тек көмекші құрал ретінде қарастыру маңызды.

Данагүл ҮРТЕМШ,
«Soltüstik Qazaqstan».

«**ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ
СОҢЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛДАРЫНАН 2,5 МИЛЛИОННАН АСТАМ АДАМ ЖҰМЫС-СЫЗ ҚАЛУЫ МҮМКІН ДЕГЕН АҚПАРАТ ТАРАДЫ. ЕЛДЕ ШАМАМЕН 423 КӘСІБИ ТОП ТАЛДАНЫП, ОНЫҢ 25 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ, ЯҒНИ 2,2-2,5 МЛН. ЖҰМЫС ОРНЫ ЖОҒАРЫ НЕМЕСЕ ОРТАША ДӘРЕЖЕДЕ АВТОМАТТАНДЫРУ ҚАУПІ БАР ЕКЕНІ АНЫҚТАЛҒАН.**»

ды. Ал машина оның орнына өтсе, ойлау әлсірей бастайды, – дейді Қайнижамал Ықыласова.

Өткен жылдың соңында Қазақстанда жасанды интеллект салдарынан 2,5 миллионнан ас-

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Quzylyar Company LTD» ЖШС «Гофрленген кагаз бен картон өндіруге ықтимал әсерлер туралы есеп» материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Учаске координаттары 54°54'25.02»N 69°11'36.51»E.

Күні, уақыты: 28.04.2026 ж. сағат 15:00-де.
Өтетін орны: СКО, Петропавл к., Сәбит Мұқанов көшесі, 50-308.

Интернетке қосылу сілтемесі:
<https://teams.live.com/join/9350430065938?p=6MpbucBVJ18b2EgDB0>.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Quzylyar Company LTD» ЖШС. Тел.: +7(777)-102-93-39, СКО, Петропавл к., Ярослав Гашек атындағы көше, № 26/5 құрылыс, БСН: 231240020308, quzylyarcompany@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: «NordEcoConsult» ЖШС, +7 705 800 23 63, Петропавл к., Мағжан Жұмабаев к-сі, 109-403. БСН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> сайтындағы «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: СКО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел.: 533638.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша +7 (747)-374-25-04 телефонына хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Quzylyar Company LTD» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам «Отчета о возможных воздействиях для производства гофрированной бумаги и картона».

Координаты участка 54°54'25.02»N 69°11'36.51»E. Дата, время: 28.04.2026г. в 15:00.

Место проведения: СКО, г. Петропавловск, улица Сабита Муканова, 50-308.

Ссылка для онлайн подключения:
<https://teams.live.com/join/9350430065938?p=6MpbucBVJ18b2EgDB0>.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: ТОО «Quzylyar Company LTD», тел.: +7(777)-102-93-39, СКО, г. Петропавловск, улица имени Ярослава Гашека, строение № 26/5, БИН: 231240020308, quzylyarcompany@mail.ru.

Наименование разработчика документации: ТОО «NordEcoConsult», тел.: +7 705 800 23 63, г. Петропавловск, ул. Мағжана Жұмабаева, 109-403. БИН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (задать интересующиеся вопросы можете по указанным контактам не позднее 3 дней до даты общественных слушаний).

Документация по проекту размещена на <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Наименование местного исполнительного органа и контактные данные ответственного за организацию общественных слушаний: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО, тел.: 533638.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону +7 (747)-374-25-04.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: dpr@sko.gov.kz.

ТОО «ЯсминаАгро» объявляет о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО, которое состоится «27» апреля 2026 года в 10:00 часов по

адресу: Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, Айыртауский район, с. Антоновка, ул. Учительская, строение 16.

В повестку дня внеочередного общего собрания ТОО «ЯсминаАгро» включены следующие вопросы:

1. Об обращении ТОО «ЯсминаАгро» в ТОО «МФО «Бастау Агро Финанс» с заявкой на получение финансирования, для целей пополнения оборотных средств, и, в случае одобрения вопроса о финансировании, последующим заключением договоров финансирования (Соглашений об открытии кредитных линий, договоров займа и т.д.);

2. О предоставлении ТОО «МФО «Бастау Агро Финанс» (безотзывное и безусловное согласие) права на изъятие денег с любых банковских счетов ТОО «ЯсминаАгро» в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств предусмотренных договорами финансирования – посредством прямого дебетования банковских счетов и безакцептное изъятие денег с любых банковских счетов ТОО «ЯсминаАгро» посредством безакцептного списания с банковских счетов.

3. О наделении директора ТОО «ЯсминаАгро» - Мухсанова Магомеда Жамуловича полномочиями на представление интересов ТОО «ЯсминаАгро» в ТОО «МФО «Бастау Агро Финанс», на подписание и заключение от имени ТОО «ЯсминаАгро» договоров финансирования, изменений и дополнений к ним, а также на подписание иных документов, соглашений, договоров, изменений и дополнений к ним, связанных с реализацией данного решения.